"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
РММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код РГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/58
08.01.2018г.

**«Құрылыс және қызмет»
ЖШС-нің директоры
С.Айболовқа**

Сіздің 28.12.2017 жылғы № 51 өтінішіңізге сәйкес, ОҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті тарапынан «ОҚО мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі № 2047881-1 «ОҚО, Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов ауылы Бағысбаев және Пушкин көшелері қиылысында 64 пәтерлі 3 тұрғын үй құрылысы. №6 үй" кезіндегі инжинирингтік қызметі» бойынша өткізген конкурсқа камералдық бақылау жүргізілді.

Жүргізілген камералдық бақылаумен, Ұйымдастырушы «ОҚО мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі электрондық мемлекеттік сатып алу үшін https://www.goszakup.gov.kz/ веб-порталында «ОҚО, Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов ауылы Бағысбаев және Пушкин көшелері қиылысында 64 пәтерлі 3 тұрғын үй құрылысы. №6 үй" кезіндегі инжинирингтік қызметі» ашық конкурс тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу бойынша 24.10.2017 жылы №2047881-1 хабарландыру орналастырғаны анықталды.

Конкурстың қорытындылары туралы 27.12.2017 жылғы №1806061 хаттамаға сәйкес «Құрылыс және қызмет» ЖШС -нің конкурстық өтінімі *«Численность специалистов не соответствует методическому документу утвержденному приказом Председателя Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 15 сентября 2016 года № 110-НҚ, отсутствует квалифицированные работники (специалисты) обладающими правом работать на оборудованиях неразрушающим методом;»* деген негізбен конкурстан шеттетілген.

Конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде, *Әлеуетті өнім беруші инжинирингтік қызметтерді көрсету үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы міндетті* деп, ҚР ҚН 1.03-03-2014 сілтеме жасалған.

Алайда, ҚР ҚН 1.03-03-2014 күші, ҚР ҰЭМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық комитеті төрағасының 15 қырқыркүйек 2015 жылғы № 110-НҚ бұйрығымен жойылған.

Сонымен қатар, ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің 08.12.2017 жылғы №КВГА-6-05-13226-КВГА-9866 хатымен берілген қорытындыға сәйкес,

аталған бұйрықпен енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың әдістемелік құжатының Л Қосымшасында *«Бюджет есебінен толықтай немесе жартылай қаржыланатын күрделі құрылыс объектісін салу кезінде тапсырысшының жобасын басқару және техникалық қадағалау функцияларын жүзеге асыруға арналған шығын лимиті мен сан нормативтері»* 2001 жылғы базалық деңгейдегі құрылыстың құны жылына 450,0 млн. теңгеден 625,0 млн. теңгеге дейін болғанда: тапсырысшының жобаны басқару функцияларын және техникалық қадағалауын жүзеге асыратын жұмыскерлер санының нормативі 6 адам болуы көрсетілген.

Ал, «Құрылыс және қызмет» ЖШС -нің конкурстық өтінімінде 3 маманның құжаттары ұсынылған.

Жоғарыдағының негізінде «Құрылыс және қызмет» ЖШС -нің конкурстық өтінімі, ҚР ҰЭМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық комитеті төрағасының 15 қырқыркүйек 2015 жылғы № 110-НҚ бұйрығына сай, негізді шеттетілген.

ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 бабтарына сәйкес, Департаменттің жауабымен келіспеген жағдайда, Сіз жоғары тұрған органға немесе сотқа қайта шағымдануға құқылы екендігіңізді түсіндіреміз.

Басшының орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Орын: Ғ.Матжанов
Тел: 35-00-35 (117)